

СЕРІКТІҢ СОНЫ СОҚПАҒЫ

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚҰРМЕТ ПЕН КЕЛІСІМ МЕРЕКЕСІ

8-БЕТ | ҚОҒАМ



№24
(4922)
Сенбі
28 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астана қаласының тұрғындары сайлау учаскелері туралы ақпаратты бірнеше жолмен біле алады.

Елорда тұрғындары өздерінің референдум учаскесі туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде мынандай дереккөз арқылы ала алады:

– ресми веб-сервис арқылы: referendum.astana.kz

– Telegram мессенджеріндегі чат-бот арқылы: t.me/referendum_astana_bot

– iKomek бірыңғай байланыс орталығы арқылы: 109 нөмірі бойынша



2026 жылы мектептердегі көктемгі каникул 19 наурыз-29 наурыз аралығында болады.

Оқушылар бас-аяғы 11 күн демалады. Соңғы оқу күні – 18 наурыз, ал 4-тоқсан 30 наурызда басталады. Бұл каникул кезеңі Наурыз мейрамымен тұспа-тұс келіп, балалар үшін ұзақ үзіліс болмақ. Айта кетейік, биыл 1-сынып оқушыларына арналған қосымша демалыс 9-15 ақпан аралығында өткен еді.



АЛҒЫС – ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ


Мейірім жаршысындай көктемнің алғашқы күнімен қатар келген мереке – Алғыс айту күні. Бұл – ұлтымыздың өмір салтында берік қалыптасқан, берекенің бастауын ынтымақ-бірлік деп танитын қазақтың ізгі қасиеттерін жадымызда жаңғыртатын күн.

Бұл мереке – қазақтың кең даладай пейіліне, жан баласын жат көрмейтін адамшылығына тағзым ететін, ел бірлігінің іргетасын бекітіп, азаматтардың өзара құрметін ұлықтап, келісім мен қоғамдағы татулықты нығайтатын күн. Он жыл қатарынан аталып келе жатқан Алғыс айту күні елімізге қилы заманда зордың күшімен келген этнос өкілдерінің тарихымен тығыз ұштасады. Деректер бойынша 1937 және 1944 жылдар аралығында КСРО-ның түкпір-түкпірінен Қазақстанға 5 миллионнан астам адам жер аударылған. Бұлар – Қиыр Шығыстан жер аударылған кәрістер, Сібір мен Волга жағасын жайлаған немістер, Кавказ халықтары. Бұлардың көбі жатырқамай, жатсынбай құшағын ашқан қазақ жерінде бақытын тапты. Бүгінгі ұрпақ та басты құндылығымыз – достық пен бірліктің жалауын ту етіп, ел ауызбіршілігін сақтай білгенде кез келген қиындықты еңсеретініне сенімді. Мың алғысты болған ұлтымыздың абыройы асқақтап, ашық аспан астында мәңгілік жасасын!

МЕКТЕПТЕР КАМЕРАМЕН БАҚЫЛАНАДЫ

Бас қалада полиция Білім басқармасымен бірлесіп, білім беру нысандарының бейнебақылау жүйесін полицияның жедел басқару орталығына қосып жатыр.

Бүгінгі таңда орталыққа 230-дан астам қалалық білім беру мекемесінің бейнекамералары мен дабыл батырмалары қосылған. Жалпы қалада балабақшалар, мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындарында орнатылған 9300-ден астам камера тұрақты бақылау жүргізіп тұрады. Осы жоба бойынша былтыр 170-тен астам қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік талаптарының бұзылуы анықталды. Биыл осындай 25 дерек тіркелді.



МЕРЕКЕЛІК ТӨЛЕМДЕР БЕРІЛЕДІ

Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мәліметінше, 8 наурызда шамамен 37000 азамат 2,5 АЕК (немесе 10813 теңге) көлемінде бір реттік әлеуметтік көмек алады.


«Бұл төлем Астана қаласының мәслихаты мен Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының шешімі бойынша бекітілген әрі Астанада әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерін белгілеу мен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімін анықтау ережелеріне сәйкес жүзеге асады» делінген хабарламада.

Төлем Әлеуметтік төлемдер орталығының ақпараты негізінде Астанада тіркелген және тұрақты тұратын аз қамтылған аналарды қоса алғанда, «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталған көпбалалы отбасылар мен көпбалалы аналарға төленеді.

КІТАП ОҚУҒА КЕЛІҢІЗ!

Елордадағы Мұхтар Әуезов атындағы орталық қалалық кітапхана 2 наурыздан бастап сағат 23:00-ге дейін жұмыс істейді.

Абылайхан даңғылы, 4/1 мекенжайында орналасқан кітапхананың толық жұмыс кестесі: дүйсенбі-жұма: 10:00-23:00, сенбі: 10:00-19:00, жексенбі – демалыс күні. Кітапханада әр айдың соңғы жұмасы – тазалық күні.



№24 (4922) 28/02/2026 Сенбі

AQORDA

Төлен ТІЛЕУБАЙ



АСТАНА-БЕЛГРАД: ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТАДЫ

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Сербия Президенті Александр Вучич Астанаға ресми сапармен келді. Сапар аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер өтті. Мемлекеттер басшылары қазақ-серб қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен перспективасын талқылады. Шағын және кеңейтілген құрамдағы кездесулерде саяси диалогты одан әрі нығайту, сауда-экономикалық байланыстар мен мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты кеңейту мәселелеріне баса назар аударылды.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Сербия Президенті Александр Вучичті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін Қазақстан мен Сербия президенттері келіссөз залына барды.

«Біз Сербияны Еуропадағы маңызды стратегиялық серіктесіміз санаймыз. Бірқатар бағытта, әсіресе, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастығымызды нығайту үшін көп жұмыс атқардық. Астана мен Белград арасында тікелей әуе рейсі ашылды. Сауда қатынастарымыз табысты дамып келеді. Қазақстанда 60-тан аса сербиялық компания жемісті еңбек етіп жатыр. Негізгі халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдарымыз ортақ. Сондықтан екі ел арасындағы ынтымақтастықтың берік әрі тиімді іргетасы қаланды деп ойлаймын. Сіздің сапарыңыз достық қарым-қатынасымызға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды екеніне сенімдімін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев шағын құрамдағы келіссөзде.

Александр Вучич Қазақстанға ресми сапармен келгеніне қуанышты екенін айтты.

«Қонақжайлық танытқаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздің пікіріңізбен толық келісемін, елдеріміз арасында шынайы стратегиялық қарым-қатынас орнаған. Сіздің қолдауыңыздың арқасында сауда-экономикалық байланыстарымыз жоғары қарқынмен дамып келеді. Алдағы уақытта жасанды интеллект, ақпараттық технологиялар мен энергетика салаларында ықпалдастық орнату арқылы достығымыз жаңа деңгейге көтеріледі деп ойлаймын. Сізді жақын арада елімізде қарсы алуға дайынбыз» деді Сербия Президенті.

ЕКІЖАҚТЫ ТИІМДІ БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЯДЫ

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді. Мемлекет басшысы меймандарға ілтипат білдіре отырып, бұл сапар Қазақстан мен Сербия арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл толу қарсаңында өтіп жатқанына назар аударды.

«Көптеген саладағы өзара тиімді байланыстарымызды одан әрі нығайтуға ниеттіміз. Бүгін екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тәсілдерін талқыладық. Өз тарапымыздан екі ел арасындағы ықпалдастықты кеңейтуге дайын екенімізді жеткіздік.

Өз кезегінде Александр Вучич қонақжайлық танытқаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Белград Астанамен сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге дайын екенін растады. Сербия Президенті қазақстандық компаниялардың ортақ жобаларға, әсіресе, құрылыс саласына қосар үлесін арттыруға мүдделі екеніне тоқталды.

«Біз Қазақстан ұсынған бірқатар бастамаларды жүзеге асыруға әзірміз. Бұл Сербияда ғана емес, Еуропаның аталған аймағындағы маңдайалды жобалар болмақ. Сондай-ақ қазақстандық SCAT компаниясына әуе кеңістігінде бесінші деңгейлі еркіндік беру мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Ортақ іс-қимыл арқылы аталған мәселені шеше аламыз деп сенімдімін. Сербияға Қазақстанның сенімді құрылыс компаниялары мен инвесторлары келгенін қалаймыз. Бұл еліміздің инвестициялық тартымдылығын жақсартып қана қоймай, өзара мәдени, туристік байланыстарды жандандыруға да септігін тигізеді. Өз тарапымыздан Сіздің еліңіздің экономикасына инвестиция салғысы келетін сербиялық кәсіпкерлерді ынталандыруға барынша күш-жігер жұмылдырамыз» деді Александр Вучич.

Сербия Президенті қорғаныс өнеркәсібі, жасанды интеллект, деректерді өңдеу орталығы секілді бағыттарда өзара ықпалдастықты арттыруға зор әлеует бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді жоғары бағалап, мұны әлемдегі өсіп-өркендеудің үлгісі деп атады.

Келіссөз барысында екіжақты күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар, атап айтқанда, сауда-инвестиция, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, аса маңызды минералдар, цифрландыру, жасанды интеллект, құрылыс және туризм салаларындағы ықпалдастық мәселелері қарастырылды.

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Вучичті халық қолдауына арқа сүйеп, елін алға бастап келе жатқан нағыз көшбасшы, беделді саясаткер деп санайтынын жеткізді.

«Сербия Сіз жүргізіп отырған салиқалы саясаттың арқасында зор жетістіктерге жетіп, өркендеп келеді. Халықаралық беделі де арта түсті. Алдағы уақытта еліңіз Сіздің парасатты басшылығыңызбен жаңа белестерді бағындыра береді деп сенемін. Сербия – Қазақстанның Балқан түбегіндегі сенімді серіктесі. Екі елдің қарым-қатынасы өзара қолдауға, түсіністік пен мызғымас достыққа негізделген. Барлық деңгейде белсенді саяси диалог дамып келе жатыр. Сауда-экономика, инвестиция және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық нығайып келеді. Көпжақты құрылымдар аясындағы байланысымыз күшейе түсті. Қазіргідей алмағайып кезеңде өзара әріптестікті жандандыру өте маңызды. Сондықтан біз осы қарқынды сақтап, түрлі саладағы ықпалдастықты дамытуға мүдделіміз. Бұған толық мүмкіндік бар. Өзара сенім мен достық рухында өткен мазмұнды келіссөздер – соның айқын дәлелі. Бүгінгі келісімдер серіктестігімізді жаңа деңгейге көтереді деп санаймын. Біз бұл бағытта бірлесіп әрекет етуге әрдайым дайынбыз» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Сербия арасындағы байланысты нығайтуға өлшеусіз үлес қосқаны үшін Александр Вучичті еліміздің ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттады.

«Бұл – қазақ жұртының Сізге және Сербия халқына деген зор ризашылығы және ерекше құрметінің белгісі. Өзіңізді шын жүректен құттықтаймын! Осы марапат екі елдің қарым-қатынасын одан әрі дамытуға ықпал етеріне кәміл сенемін. Қос халықтың достығы жасай берсін!» деді Мемлекет басшысы.


Сербия Президенті мұндай марапатты иелену зор мәртебе екенін айтып, бұл екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға ықпал ететініне тоқталды.

«Алтын Қыран» орденін ерекше құрметпен қабыл алдым. Бұл марапат маған өзара байланыстарымызды арттыру және бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы ортақ істе зор жауапкершілік жүктейді. Келешек ұрпақтың игілігі үшін Сербия мен Қазақстанның достығы нығая беруіне тілектеспін» деді Александр Вучич.

YKIMET

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАМУ БАНКІ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузовпен кездесу өткізді. Онда экономиканың басым бағыттарындағы жобаларды жүзеге асыру мәселелері және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту перспективалары талқыланды.



Кездесу барысында Премьер-министрге ЕАДБ-ның кезекті стратегиялық кезеңінің аяқталғаны және Қазақстанда жобаларды жүзеге асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді. Банктің жинақталған портфелінде инвестициялардың жалпы көлемі 19,6 млрд АҚШ долларын құрайтын 326 жоба бар. Тек 2022-2026 жылдары ЕАДБ қатысушы елдердің экономикасына 9 млрд доллар инвестициялады, соның ішінде 5,2 млрд доллар инвестициялық міндеттемелер Қазақстанға тиесілі, бұл банктің бұған дейінгі 15 жылдағы инвестициялар көлемімен тең. Соңғы 4 жылда Қазақстан экономикасына салған инвестиция көлемі жыл сайын 1 млрд доллардан астам болса, 2025 жылы 1,5 млрд АҚШ долларына жетті. Қазақстанның ЕАДБ-ның ағымдағы инвестициялық портфеліндегі үлесі бүгінде 64,9%-ды құрайды. Банктің елімізге салған инвестициялары негізгі секторлар бойынша бөлінген: шамамен 2,1 млрд доллар – өнеркәсіпті дамытуға, 1 млрд доллар – энергетикаға, 1 млрд доллар – көлік инфрақұрылымына, 1 млрд доллар қаржы секторына бағытталған.

Қаржы бөлінген маңызды жобалардың ішінде «Силлено» газ өңдеу зауытының, Атырау облысындағы КРІ газ-химия кешенінің құрылысы, тау-кен металлургия кешенінің кәсіпорындарын жаңғырту, Қарағанды, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы ЖЭО-тарын қайта жаңарту және тағы басқалар бар. Банк дәстүрлі энергетиканың да, жаңартылатын энергетиканың да дамуын белсенді қолдайды. Атап айтқанда, Қазақстанда шамамен әрбір 8 кВт ЕАДБ қатысуымен өндірілді. Бұл – Қарағанды, Түркістан, Ақмола және тағы да басқа облыстардағы жобалар. Көлік саласында ҚТЖ үшін локомотивтер мен жүк вагондарын жеткізу және автомобиль жолдарын реконструкциялау бойынша жобалар қаржыландырылды. Цифрлық бастамалар қоры және техникалық жәрдемдесу тетіктері арқылы ЖИ мен цифрлық платформаларды дамыту саласындағы жобаларға қолдау көрсетіледі.

Биыл ЕАДБ ірі жобаларды, соның ішінде өңдеу өнеркәсібінде, тау-кен өндіру секторында және тағы да басқа салаларда қаржыландыруды жалғастырады. Атап айтқанда, Өскемен ЖЭО-ын жаңғырту жалғасады, бұл қаланы жылумен жабдықтау сенімділігін арттыруға және жабдықтардың тозуын азайтуға мүмкіндік береді. Түркістан және Қызылорда облыстарында жаңа өндіруші қуаттарды іске қосатын екі күн электр стансасын салу жоспарланған. Телекоммуникация саласында байланыс инфрақұрылымы мен цифрлық қамтуды дамытуға инвестициялар көзделген. Өнеркәсіпте өндірісті ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру жоспарланған.

ЕАДБ басқарма төрағасы банктің ел экономикасын дамытуға және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға жан-жақты жәрдемдесуге дайын екенін атап өтті. Николай Подгузов Қазақстанда жүргізіліп жатқан конституциялық реформа, оның ішінде елдегі инвестициялық ахуалды одан әрі жақсартуға ықпал ететінін жеткізді. Премьер-министр мемлекеттің ағымдағы басымдықтарына сәйкес келетін базалық инфрақұрылымды дамытуға инвестиция салудың маңызын атап өтті. Бұдан әрі өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарының бірі – Қазақстанда да, басқа елдерде де белсенді дамып келе жатқан цифрлық күн тәртібі. Осы бағытта бірлесіп жұмыс істеу үшін айтарлықтай әлеует бар.

№24 (4922) 28/02/2026 Сенбі



ҚАЛА БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

Кеше Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында елорданың 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті нақтыланды. Қала әкімінің орынбасары Евгений Глотов қатысқан жиында бюджет бойынша қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Айжан Түгелбаева баяндама жасады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарында айтылған депутаттардың ұсыныстары ескеріліп, бірінші кезекте әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға қаржы бөлінді. Соның ішінде әлеуметтік сала, жылу энергетикасы, электрмен қамтамасыз ету, нөсер кәрізі жүйесі, сумен қамту, көлік қозғалысы, қалалық орта сапасы сынды салаларда бюджет-инвестиция жобаларын жалғастыруға қомақты қаржы қарастырылды. Сонымен қатар экономиканың нақты секторының дамуына қаржы бөлінді. Атап айтқанда, көлік инфрақұрылымын дамытуға, №38 көше құрылысы және Ш.Бейсекова көшесі мен Н.Тілендиев даңғылы қиылысындағы жолайырық құрылысын жалғастыруға, қаланың тұрғын алаптары мен «Ильинка» кентінде жолдарды салуға, Ұлы дала көшесінің солтүстікке қарай бөлігін, Ш.Айтматов көшесінің шығысқа қарай тармағын салуға қаржы бөлінді. Жалпы биыл жолдарды орташа және ағымдағы жөндеуге 9 млрд 111 млн теңге қарастырылған. Сонымен қатар энергетика және коммуналдық шаруашылық салаларындағы мәселелерді шешуге 23 млрд 671,2 млн теңге бөлінді. «Тельман» газ-жылу стансасының құрылысын жалғастыруға, ТМ-14, ТМ-33 жылу магистралдарын салуға, бірқатар қосалқы тарату стансалары құрылысына қаржы қарастырылды. Медициналық кластерге қарайтын бірнеше нысанды орталық жылу жүйесіне қосуға, «Кирпичный», «ЛПУ», «Шұбар» тұрғын алаптарын газбен қамтуға қаражат бөлінді. Биыл тиісті жұмыстар аясында №429 көшеде кәріз-сорғы стансасының екінші кезегі, ауызекі тілде «Слободка» атанған ауданнан коллектор, «Ильинка» тұрғын алабындағы жеке үйлерге инженерлік желілер іске қосылады.

Қала тұрғындарының қарқынды өсуіне байланысты әлеуметтік нысандар құрылысына 34 млрд 583,6 млн теңге бөлінгенін айтып өткен баяндамашы осы қаржы 8 мектепке жапсаржайлар құрылысын аяқтауға, №80 мектепке жапсаржай құрылысын жалғастыруға және 4 жаңа мектеп құрылысына бағытталатынын жеткізді. Бұған қоса, 4 өрт сөндіру бөлімін жаңғыртуға, тұрғын үйге кезекте тұрғандар мен әлеуметтік әлжуаз топтағы азаматтарды баспанамен қамтуға, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға инженерлік инфрақұрылым салуға қаржы бөлінеді. Басқа да маңызды жұмыстарға қарастырылған қаржыға тоқталған Айжан Түгелбаева әлеуметтік салаға қосымша 14,5 млрд теңге қарастырылғанын жеткізді.

ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ – БАСЫМ БАҒЫТ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың төрағалығымен туризм саласын дамыту мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиынға қонақүй және мейрамхана бизнесінің, көлік саласының өкілдері, туроператорлар, медицина ұйымдары және өзге де мүдделі тараптар қатысты.

Отырыста 2025 жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысы шығарылды. Сонымен қатар елорданы бәсекеге қабілетті туристік бағыт ретінде дамытудағы келешегі зор басым бағыттарға ерекше назар аударылды. Қатысушылар инфрақұрылымды жетілдіру, туристік қызметтердің сапасын арттыру, салааралық өзара іс-қимылды нығайту мәселелерін, сондай-ақ 2026 жылға арналған негізгі жоспарларды талқылады.

Жиынды ашқан елорда әкімінің орынбасары Астана үшін 2025 жыл жаңа жетістіктер жылы болғанын атап өтті. Оның айтуынша, 9 айдың қорытындысы бойынша елордаға шамамен 1,2 миллион адам келген. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9 пайызға жоғары. Талдау деректеріне сәйкес, туристердің 77 пайызы қалаға демалу, іс-шараларға қатысу және сауда жасау мақсатында келеді. Ал 23 пайызы іскерлік және мәдени сапармен табан тірейді. Елордаға келген туристер саны бойынша алғашқы бестікке Ресей, Қытай, Түркия, Германия және АҚШ кірді.

– Іс-шаралар туризмі Астанаға келетін туристік ағынның негізгі қозғаушы күшінің біріне айналды. 2025 жылы қаланың қолдауымен 56 ірі халықаралық іс-шара ұйымдастырылып, оларға жалпы саны 300 мыңнан астам адам қатысты. Әсіресе концерт бағдарламаларын атап өткім келеді. Jennifer Lopez пен Backstreet Boys концерттері 55 мыңнан астам көрерменді жинады. Оның шамамен 20 мыңы – шетелдік турист. Концерт өткен күндері қонақүйлердің толымдылығы 95 пайызға дейін жетті, – деді Е.Глотов.

Сарапшылық кеңес – мемлекеттік құрылымдар мен сала өкілдері арасындағы диалог алаңы. Оның қызметі тиімді туристік саясат қалыптастыруға және елорданы ішкі әрі халықаралық нарықта дамытуға бағытталған. Отырыс барысында саланы дамытудың басым бағыттары айқындалып, инфрақұрылымды жаңғырту және көлік қатынасының қолжетімділігін арттыру, жаңа туристік өнімдер қалыптастыру, инклюзивті қалалық орта құру, елорданың брендін халықаралық деңгейде ілгерілету, сондай-ақ туристік сервистерді белсенді цифрландыру мәселелері белгіленді. Жиын аясында «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы мен «Air Astana» әуе компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕЖЕСІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде 2025 жылдың нәтижелері бойынша агенттіктің кеңейтілген алқа отырысы өтті.

Іс-шараға Президент Әкімшілігінің өкілдері, Парламент Мәжілісінің депутаттары, Ұлттық қауіпсіздік комитеті басшылығы, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, агенттік жанындағы Қоғамдық кеңес, Әдеп жөніндегі комиссия, Бюрократиядан арылту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі консультативтік-сараптамалық топ мүшелері, сондай-ақ агенттіктің аумақтық бөлімшелері мен Мемлекеттік басқару академиясының филиалдары онлайн қатысты.

Алқа отырысында агенттік төрағасы Дархан Жазықбай 2025 жыл мемлекеттік қызмет жүйесі институционалдық тұрғыдан жаңғыртылған жыл болғанын атап өтті.

2025 жылы мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заң жобасы әзірленіп, желтоқсан айында Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді. Жаңа заң жобасы қазіргідей тек еңбек қатынасын, яғни мемлекеттік қызметке кіру, өткеру және оны тоқтату мәселелерін реттеумен шектелмей, ең бастысы, мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының адамға бағдарланған үлгісін бекітуді көздейді.

Өткен жылы Президенттік жастар кадр резервіне төртінші іріктеу кезеңі өтті. Нәтижесінде резерв 6 бағыт бойынша 50 салалық білікті маманмен толықты. Жобаға қызығушылық артып келеді. Егер 2019 жылы 13 мың азамат қатысуға ниет білдірсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 32 мыңға жетті. Жалпы резервке алынған 450 азаматтың 337-сі бүгінде түрлі салада еңбек етуде. Өңірлік кадр резервтері де нақты нәтиже көрсетті. 538 резервшінің 260-ы жаңа лауазымдарға тағайындалып, олардың 193-і жергілікті атқарушы органдарда басшылық қызметке орналасты.

2025 жылы мемлекеттік қызметке іріктеу және кадрларды басқару толықтай цифрландырылды. Бүгінде онлайн іріктеу 94 мемлекеттік органды қамтып отыр. Цифрлық іріктеудің тиімділігінің нәтижесінде орта есеппен бір бос орынға 7 үміткерден келіп, бәсекелестік 3,5 есеге артты.

Жиын соңында агенттік төрағасы 2025 жылы кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылғанын, цифрлық экожүйе құрылғанын, жасанды интеллект енгізілгенін және проактивті бақылау моделі қалыптасқанын атап өтті. Алдағы кезеңде мемлекеттік қызметтің тиімді, ашық және нәтижеге бағдарланған моделін одан әрі дамыту жұмыстары жалғасады.

АРДАГЕРЛЕРДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің кезекті 12-есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Бес жылда бір рет ұйымдастырылатын маңызды жиын кеңестің жаңа құрамын айқындауға арналды.



Алқалы басқосуға қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, республикалық Ардагерлер кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев, мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден қатысып, жиынды кеңес төрағасы Сансызбай Есілов жүргізді.

Елордалық 6 ауданнан 76 делегат, сондай-ақ қаладағы өзге де қоғамдық ардагерлер ұйымдарының, білім саласы ардагерлерінің және басқа да ардагерлер ұжымдарының өкілдері атсалысқан кездесуде жыл бойы атқарылған жұмыстарға есеп беріліп, кеңестің жаңа құрамын сайланды, төраға мен алқа мүшелері бекітілді және республикалық съезге делегаттар ұсынылды. Конференция барысында ел өміріндегі маңызды саяси науқан – алдағы 15 наурызда өтетін республикалық референдум мәселесі де қозғалды. Баяндамадан кейін жарыссөзге шыққан қатысушылар кеңес жұмысына «қанағаттанарлық» деген баға берді. Дауыс беру нәтижесінде кеңес құрамы 49 адам болып бекітілді. Барлық делегаттың бірауызды шешімімен Сансызбай Есілов үшінші мәрте қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қайта сайланды. Ревизиялық комиссия есебі тыңдалып, кеңестің өзге де мүшелері бекітілді.

Ардагерлер кеңесі алдағы уақытта да қоғамдағы бала тәрбиесі, ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жұмыстарын жалғастыра бермек. Жиын соңында қала әкімінің орынбасары Есет Берікұлы әкім атынан алғыс айтып, ардагерлер қауымының қоғамдағы рөлін жоғары бағалады.

АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күніне орай елордада «Әділетті Қазақстанды құру жолындағы азаматтық сектордың рөлі» тақырыбында іс-шара өтті. Жиынның мақсаты – азаматтық қоғам институттарының ел дамуына қосып жатқан үлесін талқылау, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасын іске асырудағы ҮЕҰ-ның рөлін айқындау.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Іс-шараға Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттары – Бибігүл Жексенбай, Мұрат Әбенов, Павел Казанцев, ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысып, азаматтық сектордың қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешудегі, халықтың осал топтарын қолдаудағы және қоғамдық диалогты дамытудағы маңызын атап өтті.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің айтуынша, елордада бүгінде 3,5 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым тіркелген. Онда ресми дерек бойынша 35 мыңға жуық адам қызмет етеді. Сонымен қатар ол елордадағы ҮЕҰ-лардың ерекше еңбегін атап өтті.

– Астана қаласы – ерекше мәртебеге ие елорда. Сондықтан мұнда тіркелген ҮЕҰ-лардың мүмкіндігі мол. Әрбір елордалық ұйым жоғары біліктілікке ие және орталық мемлекеттік органдармен күнделікті өзара барыс-келіс жасайды. Олар Сенат пен Мәжіліс депутаттарымен, барлық деңгейдегі мәслихаттармен, Үкімет мүшелерімен, агенттіктермен және мемлекеттік басқарудың өзге де институттарымен тікелей байланыс орната алады. Осыған қарап біз ҮЕҰ-ларды стратегиялық маңызы бар серіктестеріміз деп сеніммен айта аламыз. Соңғы 2-3 жылдың өзінде 200-ден астам жобаны бірлесіп жүзеге асырдық, – деді қала әкімінің орынбасары.

Жиында Қазақстан азаматтарының альянсы және өзге де қоғамдық ұйымдардың елдегі реформаларды түсіндіру, конституциялық өзгерістерді насихаттау бағытындағы белсенді жұмысы ерекше аталды. Қатысушылар азаматтық қоғам институттары мемлекет пен халық арасындағы алтын көпір екенін, алдағы уақытта да бірлескен жобалар арқылы елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына үлес қосады деген сенім білдірді. Іс-шара соңында ҮЕҰ өкілдеріне алғыс айтылып, азаматтық секторда белсенді жұмыс істегендер марапатталды.

№24 (4922) 28/02/2026 Сенбі

ІРГЕЛІ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Ақтөбе облысының активімен кездесті. Іс-шара барысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин елдің жаңа Ата Заң жобасы қалай әзірленгені туралы маңызды әрі қызықты деректермен бөлісті.



Оның айтуынша, Президент тек реформаларға бастамашы болып қана қоймай, жаңа Конституцияның негізгі ережелерінің тікелей авторы болды.

«Президенттің мемлекеттік құндылықтарға деген қастерлі әрі мұқият көзқарасының жарқын көріністерінің бірі – мәтіндермен жұмыс істеу мәдениеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы түрлі құжаттармен жұмыс істегенде, өзінің сөйлейтін сөздерінде «Егемендік» және «Тәуелсіздік» ұғымдарын әрдайым бас әріппен жазады» деп атап өтті Ерлан Қарин.

Мемлекеттік кеңесшінің пікірінше, бұл – жай ғана стилистикалық ерекшелік емес, елдің жоғары басшылығы ұстанатын қағидатты ұстаным.

«Президенттің ойынша, біздің де пікірімізше, бұл сөздер – қасиетті, қастерлі ұғымдар. Ата Заңның жаңа мәтінінде де осы ұстаным сақталды» деді ол.

Ерлан Қариннің сөзінше, Президенттің тәжірибесі мол – ол мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі ең жоғары лауазымдарда қызмет атқарды. Мұндай қызметтерде әрбір сөздің дәлдігі үлкен мәнге ие. Сол себепті де тұжырымдарға айрықша мұқият қарайды.

«Ол ұзақ жылдар бойы Парламентте, Үкіметте, халықаралық ұйымдарда қызмет атқарды. Сол себепті құжаттармен жұмыс істеудің нюанстарын, ерекшеліктерін жақсы біледі. Әрбір сөздің салмағын жақсы түсінеді. Мұқият қарайды» деді Ерлан Қарин.

Оның айтуынша, Қасым-Жомарт Тоқаев реформаларға жалпы басшылық жасаумен шектелмей, жаңа Ата Заңның әрбір ережесін жеке өзі мұқият әзірлеуге тікелей араласқан. Президенттің тікелей бастамасымен Конституцияға іргелі өзгерістер енгізілді.

«Мемлекет басшысы парламенттік және конституциялық реформалар аясында ұсынылған әрбір бастаманы жеке әрі егжей-тегжейлі зерделеді. Сондықтан жаңа Конституциядағы негізгі әрі қағидатты өзгерістердің көбін өзі ұсынды. Мысалы, жаңа преамбула Президенттің тұжырымдамалық тезистері негізінде әзірленді. Сол сияқты жаңа Конституциядағы үлкен жаңашылдықтардың, әсіресе қарапайым азаматтардың мүддесін қорғайтын жаңа нормалардың авторы да өзі» деп атап өтті Мемлекеттік кеңесші.

Сөз соңында Ерлан Қарин жаңа Конституцияда Мемлекет басшысының анық қолтаңбасы бар екенін жеткізді. Оның айтуынша, Қасым-Жомарт Кемелұлын құжаттың негізгі басты авторларының бірі десек те еш қателеспейміз.

КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласындағы Паралимпиада жаттығу орталығында паралимпиада чемпиондарымен және параспорт өкілдерімен Конституцияны талқылауға арналған кездесу өтті. Жиын барысында жаңа заң жобасының маңызы, оның қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік саясаттың басым бағыттары және әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндіктер кепілдігін нығайтатын өзгерістер жан-жақты сөз болды.



Шапағат ӘБДІР

Жүздесуге «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық филиалының басшысы Ерлан Каналимов, аталған филиал басшысының орынбасары Ғабит Тәжімұратов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай, тележүргізуші, журналист Сәнді Сұлтан және «Қанаттылар» инклюзивті театрының директоры Арнұр Ысқақов қатысты. Жиында сөз алған Ерлан Каналимов Конституцияны қабылдау заман талабы екенін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі цифрлық дәуірде технология қарыштап дамып, қоғам жаңа кезеңге қадам басып отыр. Осындай уақытта еліміздің заманауи талаптарға сай Конституция қабылдауы – тарихи қажеттілік. Жаңа құжатта әр азаматтың және мемлекеттің міндеттемелері нақты айқындалатынын жеткізді. Сондай-ақ ел болашағы осы заң жобасымен тығыз байланысты екенін айтып, қоғам қолдауының маңызын ерекше атады. Қалған спикерлер де жаңа заң жобасы мен қолданыстағы Конституция арасындағы айырмашылықтарға тоқталып, өзгерістердің мәнін кеңінен түсіндірді. Сенатор Бибігүл Жексенбай өз сөзін инклюзивті қауымдастық өкілдерінің еңбегін жоғары бағалаудан бастады. Ол олардың еңбекқорлығы мен талпынысы бүкіл қоғамға үлгі болып отырғанын айтты. Сонымен қатар қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен түрлі ақпараттық ресурстардың қарқынды дамуы қоғамға жаңа талаптар қойып отырғанын атап өтті. Сенатор Конституцияның не себепті дәл қазір қабылдануы қажет деген сауалға нақты жауап берді. Оның айтуынша, әлем қарқынды өзгеріп жатыр, технология дамуда, цифрлық жаңа кезең қалыптасуда. Осындай үдерістерге ілесу үшін азаматтардың құқығын нақтылайтын, ел болашағын айқындайтын құжат қажет. Уақыт талабына сай шешім қабылдау аса маңызды екенін айтып, бұл құжаттың дер кезінде ұсынылып отырғанын жеткізді. Кездесу барысында қатысушылар өз ойын ортаға салып, пікір алмасты. Жиын ашық диалог форматында өтіп, қоғамның әртүрлі өкілдері өз ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік алды.

«НҰРЛЫ ЖҮРЕКТЕГІ» КЕЗДЕСУ

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай Жалпыұлттық коалиция аясында Астана қаласында «Нұрлы жүрек» мекемесінің ұжымымен кездесу өткізіп, жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін талқылау және түсіндіру жұмысын жүргізді.

Кездесу барысында сенатор жаңа Ата Заң жобасы егемендік, адам құқығы, билік тармақтарының тепе-теңдігі және мемлекеттік институттардың жауапкершілігі сияқты базалық құндылықтарды нығайтатынын атап өтті. Оның айтуынша, Конституцияның мазмұны ғана емес, оны одан әрі тиімді, сапалы іске асыру, яғни пәрменді парламенттік реформа мен кәсіби заң шығару жұмысы шешуші маңызға ие.

Сенатордың пікірінше, құрылып жатқан Халық кеңесі қабылданатын шешімдердің сапасын арттырып, билік институттарына деген сенімді нығайтуға және құқықтық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар азаматтардың сапалы медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру, ана мен бала денсаулығын қорғау, ғылыми медицинаны дамыту бағытындағы бастамалар кеңінен түсіндірілді.

Ашық әрі сындарлы диалог форматындағы кездесуде қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Сондай-ақ сенатор жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдум 15 наурызда өтетінін айтып, жиынға келген азаматтарды референдумға белсенді қатысуға шақырды.

ЗАУЫТ ҰЖЫМЫНА ТҮСІНДІРДІ

Бас қаладағы Локомотив құрастыру зауытында биылғы республикалық референдум аясында жаңа Конституция жобасын түсіндіру бойынша кездесу өтті. Кәсіпорын ұжымымен басқосуда «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Ата Заңның жаңа жобасындағы ең маңызды өзгерістерді егжей-тегжейлі түсіндіріп, зауыт жұмысшыларының сұрақтарына жауап берді.

Райхан РАХМЕТОВА

Кездесуге сенатор Геннадий Шиповских, Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зұлфухар Ғайыпов, Amanat партиясы саяси бөлімінің меңгерушісі Әбдіғани Базылханұлы, Қазақстан халық партиясының өкілі Гүлдарина Нұрмағамбет және басқа да коалиция мүшелері қатысты. Алғаш боп сөз алған Г.Шиповских Конституция жобасындағы отбасы құндылығын насихаттау, тіл мәселесі, еңбек адамына ерекше мән беру, тәрбие және білім берудегі өзгерістер туралы баяндады.

– Жаңа Конституция – бұл алға жылжу. Елдің Негізгі заңындағы өзгерістер ең алдымен адамға, оның құқығы мен бостандығына бағытталған. Жаңа Конституцияның басты ерекшелігі: халық заң үшін емес, керісінше, заң халық үшін жұмыс істейтінінде. Сондықтан оны қабылдау – әділ, заманауи және прогрессивті мемлекет болуға жасалған маңызды қадам, – деді сенатор.

Еліміздегі конституциялық реформа Мемлекет басшысының Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Кейіннен ол Конституциялық реформа жөніндегі комиссияға ұласты. Комиссия жұмысы барысында халықтан 10 мыңнан астам ұсыныс түсті. Сол комиссия құрамында заңды жаңартуға қатысқан 130 адамның бірі З.Ғайыпов сол ұсыныстардың көбі назарға алынғанын жеткізді.

– Нәтижесінде жаңа Ата Заң жобасы Президент-ке жолданды. Оның жаңа нұсқасының кіріспесінде мәдениет пен білім, ғылым және инновация құндылықтарын негізгі бағдарға алатыны нақты көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, адами капитал мен адамға бағытталған Негізгі заңның мәні де, мағынасы да зор болмақ, – деді З.Ғайыпов.

Жастардың көзқарасы тұрғысынан өз ойын білдірген Қазақстан халық партиясы орталық аппараты әлеуметтанушылық зерттеулер бағытының жетекшісі Г.Нұрмағамбет жаңа Конституцияның басты мақсаты азаматтардың өмір сапасын арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, білімді әрі дені сау қоғам қалыптастыру, экономиканың интеллектуалдық әлеуетін күшейту екенін айтты.

ЖАСТАРҒА СЕНІМ АРТЫЛАДЫ

Елордадағы К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде елдегі конституциялық реформаларды және алдағы референдум маңызын түсіндіру мақсатында студенттермен кездесу өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

Жаңа Конституция жобасын түсіндіруге Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай, Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зұлфухар Ғайыпов, тележүргізуші, заңгер Сәнді Сұлтан және Amanat партиясы «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы, елордалық мәслихат депутаты Арсланбек Мағзұм қатысты.

Алғашқы сөз кезегін алған Сенат депутаты Бибігүл Жексенбай жаңа Конституция жобасының негізгі мазмұнына тоқталып, құжатты әзірлеуге сан сала мамандарының, қоғам қайраткерлерінің, белсенді азаматтардың қатысқанын атап өтті.

– Ата Заңның өзгеруі – аяқ асты болатын шешім емес, әр мемлекеттің дамуымен келетін маңызды қадам. Жаңа редакцияда адам құқығы мен бостандығын қорғау, жеке өмірге қол сұқпау, дербес деректердің қауіпсіздігі айтарлықтай күшейді. Яғни мемлекеттік міндеттемелер де, әр азаматтың құқығы мен міндеттері де нақты айқындалған, – деді Сенат депутаты.

Елордалық Қоғамдық кеңес төрағасы Зұлфухар Ғайыпов жаңа Конституцияда адал еңбек және отансүйгіштік сынды құндылықтар көрініс тапқанын атады.

– Озық ойлы ұлт боламыз десек, өзгермелі әлемде көштен қалып қоймауымыз керек. Әсіресе жас буынның қоғамдағы өзгерістерге азаматтық белсенділік танытуы маңызды. Жаңа Конституция жобасында кіріспе преамбула толықтай жаңарды. Онда халқымыздың өткенін бейнелейтін және бүгіні мен болашағына бағдар беретін жалпыұлттық құндылықтар көрініс тапқан, – деді З.Ғайыпов.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісов қазақ қара өлеңінің ақжал арыстанына теңеген көрнекті ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы өміріндегі бір мерейлі белеске шығып отыр. Көктемнің алғашқы күні жарық дүние есігін ашқан ақынды майда, жылы лебімен қардың көбесін сөгетін алтын күрекке ұқсатқанымыз бар еді. Қаламгердің бар болмысы да табиғаттың осы бір құбылысына келеді. Белгілі жазушы Сәбит Досанов осыдан он жыл бұрын «Серік ақынның сеңгірі» атты мақала жазды. Қаламгер ағасы мен жұрттың да ақ тілеуі шығар, Тұрғынбектің талантты ұлы сексеннің сеңгіріне аман-есен шығып отыр.



СЕРІКТІҢ СОНЫ СОҚПАҒЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Торғайдың Тосын құмынан шығып, қосын әдебиет ауылына тіккен ақын өлең өлкесі мен театр төрінен шырайлы шығармаларымен өз орнын ойып тұрып алды. Лирик әрі эпик ақын ретінде танылды. Бесінші-алтыншы сыныптарда оқып жүргенде-ақ өлеңдері аудандық, облыстық газеттерден көріне бастады. Оныншы оқығанында жырлары республикалық газеттерде жарияланды. Ал мектеп бітіретін жылы «Жұлдыз» журналында жарқ ете қалды.

1965-1966 жылдары сол кездегі Целиноград қаласында, қазіргі елордамызда Тың өлкесі ақын-жазушыларының республикалық кеңесі өтіп, оған Торғай атырабынан сатирик Сейіт Кенжеахметов, жас ақындар Таңатқан Сәтбаев пен Серік Тұрғынбекұлы делегат болып қатысты. Бұл алқалы жиынға Ғабит Мүсірепов бастаған Жұбан Молдағалиев, Ғали Орманов, Сырбай Мәуленов, Қуандық Шаңғытбаев секілді қабырғалы қаламгерлер келді. Ғали Ормановтың секциясына түскен Серік ақынның өлеңдері оң бағасын алды. Сонда секция жетекшісі: «Алматыға кел, сенен жақсы ақын шығады» дейді. Кеңеске қатысқан әдебиеттанушы ғалым Зейнолла Қабдолов арқасынан қағып, оқуға шақырады.

Бұл қыркүйек айы болатын. Содан ойлана келе, ақ бас Алатау баурайына аттанады. ҚазМУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түседі. Оның себебі, сол уақытта «Жаңа өмір» аудандық газетінде жұмыс істейтін. 1967 жылы ғана Алматыға біржола келіп, Қазақ радиосына қызметке орналасады. Бала кезінен бірге тай-құлындай тебісіп өскен досы, көрнекті ақын Кеңшілік Мырзабековпен табысады.

Алатау алабында Кеңшілік екеуі баллада жанрын биікке көтерген Қайнекей Жармағанбетов, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков сынды атақты жерлестерін арқа тұтты. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың, терең ақын Жұмекен Нәжімеденовтің соңынан еріп, тәлімдерін көрді.

Мұқағалидың: «Серік өлеңдері арындап алып та қашпайтын, бір орында тапжылмай тұра да бермейтін, бойында қаны бар байыпты, байсалды жырлар. Ол бойындағы дарының шашпай-төкпей, асықпай, аптықпай жаймен, ақылмен жырлауға ұмтылады» дейтіні сол тұс. Біздіңше, бұдан асырып, әлі ешкім айта қойған жоқ. Серік ақын да қарыз болып қалмай, ақиық ақынның рухына арнап «Мұқағали» поэтикалық драмасын жазды. Бұл туындының Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында қойылып келе жатқанына жиырма жылдан асты. Осы драма театр әртісі Жанқалдыбек Төленбаевтың жұлдызын жандырды. Жұрт актерді осы күні Мұқағали деп атайды.

Серік Тұрғынбекұлы поэзиясының табиғаты туған топырағынан тамыр тартады. Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың дастандарымен өсті. «Осы күні өзім дастан жазып жүрсем, бала кезімде жаттаған сол дастандардың әсері, Нұрхан дастандарына деген балаң шағымдағы құштарлығым шығар» деген еді ақын бізбен бір сұхбатында. Жас кезде еліктеу-солықтау деген де болады. Серік ақын бір кездері Сырбай Мәуленовке еліктеген. «Сырбайдың даусына салып, Сырбайша күркіреп өлең оқыған кезеңдерім басымнан өтті. Өйткені бұл ақынды Алматыға бармай тұрғанда көрген едім. 1963 жылы Сырбай мен Ғафу Нұрханның 60 жылдық мерейтойына елге келді. Өлеңді жаңа жазып жүрген кезім. Сырбайға еліктедім де қалдым» дейді ақын өткен жылдар естеліктерін жаңғыртып.

Ақыры өлең өлкесінде соны соқпағын салды. Шығармашылығынан поэзиядағы айқын азаматтық үні, дара дастаншылығы менмұндалайды. Шоқтығы биік шығармалары да жеткілікті. Мысал үшін бір ғана «Кейкі батыр» дастанын алайық. «Қазақ өлеңінің жалында құйындай ойнайтын шабандоз ақын Серік Тұрғынбекұлы бұл дастанында су шайқалмас жорғадай төгіліп-ақ бағыпты. Күллі ұлт болып өз тарихымызды саралап жатқан рухани ізденіске өрелі үлес қосқан талантты суреткерге риза болмасқа хақыңыз жоқ» деген еді бұл туындысы туралы әдебиетіміздің абызы Әбіш Кекілбайұлы. Оны Ақселеу Сейдімбек «Бес ғасырлық мектебі бар қазақ поэзиясының поэтикалық мол ғибратын ақын Серік қапысыз пайдаланып отырады» деген пікірімен қостайды. Осы дастаны үшін Серік Тұрғынбекұлы халықаралық «Алаш» сыйлығын иеленді.

Тағы бір дастаны «Махамбет және Жәңгір хан» аталады. Осы шығармасы үшін ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен батыр әрі ақынның 200 жылдығы тұсында «Махамбет» сыйлығын алды. Ал «Кенесарының Ақмоланы алуы» дастаны Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған мүшәйрада бас жүлдені иеленді.

Биыл қазақ баласының ғарышты бағындырғанына 35 жыл толады. Осы оқиға да Серік ақынды тебірентіп, қаламынан «Ғарыш-Қазақ» атты поэмасының тууына себеп болды. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровке арналған бұл туындының тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше деп есептейміз.

Кейінгі отыз жылға жуық уақыт Серік ақынның шығармашылығы Астанамен астасып жатыр. Иә, оның жырына арқау болатын айшықты тақырыптарының бірі де, бірегейі де – Астана. Астананың 15 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жарқыра, жайна, Астана!» атты мүшәйраның бас бәйгесін иеленгені де бар. Ақын өлеңдері мен дастандары ұлттық рухтың жаңғыруына қызмет етті. Кешегі қатпарлы тарихты да, бүгінгі өмірді де шаршамай, талмай жырлады. Ертеректе «Салынып жатыр Астана» атты репортаж өлең де жазды. Елорда жайлы басқа да өлеңдері баршылық. «Жүрегім – мұңның ұясы» кітабындағы тұтас бөлім «Есімің сенің елорда» аталып, бас қалаға арналған. Осында Қалибек Қуанышбаев театрының әдебиет бөлімін, Сәкен Сейфуллин музейін басқарды. Қаламынан туған «Мұқағали», «Шәмші» секілді спектакльдері бас қала театрларында жүруде. Серік ақынның өлеңдеріне жазылған әндер де баршылық.

Бұйыртса, биылғы мамыр айында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен елорда төрінде ақынның шығармашылық кеші өтеді. Қаламгер салтанаты, қаламынан туған туындыларының шеруі сонда болады. Ақынға басқа да құрмет көрсетілсе деген тілегіміз бар. Серік Тұрғынбекұлына Астана қаласының Құрметті азаматы атағы берілуі керек деп бірнеше жылдан бері айтып келеміз. Сол ұсынысымыз биыл еленсе, нұр үстіне нұр болар еді.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, АРДАҚТЫ АРДАГЕР



Бегендік Сауытұлы Өтебаев – экономика және басқару саласының майталман маманы, ұзақ жылдар бірқатар мекемелерде түрлі лауазымдарда жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтаған беделді ұстаз, құрметті ардагер. Бурабайдың іргесіндегі Қымызынай ауылында 1951 жылы дүниеге келген Бегендік анасынан ерте айырылады. Анасынан қалған бес ұлды әкесі Сауыт тәрбиелеп, ержеткізеді. Өмір толқындарымен араласа, арпалыса ғұмыр кешіп, тіршіліктің жаймашуағы мен дауылы, қайғысы мен сауығы, жеңілі мен ауырын қатар көріп, тауқыметін тартып, оны жеңе білген профессор, экономика ғылымдарының кандидаты Бегендік Сауытұлы деп ауыз толтырып айта аламыз.

Көкшетау облысы Щучье ауданы Щорсовка орта мектебінің мұғалімі қызметінен еңбек жолын бастаған Б.Сауытұлы Кеңес Армиясы қатарында қызметін аяқтағаннан кейін сол Щорсовский совхозында жұмысшы, есепші болып істеп, тиянақтылығымен көзге түседі.

1975 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтының (қазіргі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті) экономика факультетіне оқуға түскен, ол оқу орнында да барлық қоғамдық шаруаға, әсіресе, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді араласып, ізденіске деген қызығушылығын таныта білді.

Аталған ауылшаруашылық институтын үздік бітіргеннен соң сол оқу орнында кіші ғылыми қызметкер, аспирант, ассистент, доцент, есеп және статистика кафедрасының меңгерушісі, отыз жасында экономика факультетінің деканы қызметтерін мінсіз атқарды.

Қазақ агротехникалық университетінде студенттерге ұстаздық етіп, оларға тәлім-тәрбие беру барысында Б.Өтебаев әр студенттің жанына білім дәнін сеуіп, мамандыққа баулып, шәкірттерін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырып отырды. Дәлірек айтқанда, жастарды өмір сүре білуге тәрбиеледі. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төкті. Жоғары білім ошағындағы рухани-ғылыми байлықтың жарқын тұлғасы болып табылатын ұстаз жан-жағына жақсылық нұрын шашып, көптің ұйытқысы, тілекшісі болады. Кандидаттық диссертация қорғап, профессор атанады.

1986 жылы республиканың техникалық және кәсіптік оқу орындары арасында алғашқы болып Целиноград ауыл шаруашылық институтында сабақ үрдісін қазақ тілінде оқыту жұмысы ұйымдастырылды. Міне, осы кезеңде Бегендік Сауытұлы өзінің бастамашыл тамаша қасиетімен көзге түсті. Университеттегі мемлекеттік тілде оқытатын алғашқы оқытушылардың бірі ретінде көптеген жетістікке жете бастады. Әсіресе, оқыту үрдісін қазақ тілді аудиторияға лайықтап қайта ұйымдастыруда, оны оқу-әдістемелік құралдармен және оқулықтармен қамтамасыз ету бағытында экономика факультеті деканы ретінде өлшеусіз үлес қосты.

Қазақстан тәуелсіздік алып, қазақ тілі туралы заң шығып, қазақша білім беру кезеңі басталғанда көптеген жоғары оқу орындарында оқытушылар арасында текетірес болғандығы жасырын емес. Ана тілінде оқулықтар керектігі өз алдына, ал қазақ тілінде студенттерге дәріс беру үлкен жауапкершілікті талап етті. Бұл талап биігінен көріне білген Б.Өтебаевтың бұрынғы Целиноград ауылшаруашылық институтында қазақ тілінде білім беру ісін жолға қоюдағы еңбегі ерен. Ғалымның осы еңбегі атап айтуға тұрарлық.

Бегендік Сауытұлы экономика факультетінің деканы ретінде өткен ғасырдың 90-жылдары күрделі мәселелермен бетпе-бет келді. Оларды шешу жолында аянбай қызметтенді, қаржының жетіспеушілігіне қарамай жатақхананың жөнделуі, оқу үрдісін тоқтатпау амалдарын тауып, оқытушылар құрамын сақтап қалуда бар мүмкіндігін пайдаланды.

Сонымен қатар, Бегендік Сауытұлының тағы бір қызметтік кезеңі – Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде оқу ісі жөніндегі проректор болып қызмет атқарғаны, проректорлық қызметті аса жауапкершілікпен, абыроймен, адал атқара білді. Жаңа университеттің оқу ғимаратын салуда да, профессорлар мен оқытушыларды жұмылдыруда да, оқу процесіне алғашқы қатарда кредиттік жүйені енгізуде де өзінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қабілетін толығымен көрсетті.

Ұстаздық қызметімен қатар, ғылыми жұмыстармен де жүйелі түрде айналысқан Бегендік Сауытұлы – ғылым саласынан да өз орнын ойып тұрып алған азаматтардың бірі, оның 160-тан астам ғылыми еңбектері мен 4 монографиялық туындылары және 12 оқу құралдары, 25 оқу-методикалық анықтамалығы жарық көрді. Оның жетекшілігімен бірнеше жас ғалымдар кандидаттық диссертация қорғап, бүгінде еліміздің халық шаруашылығының әр саласында жемісті еңбек етуде. 1995 жылы ғылыми тәжірибе алмасу негізінде Германияда болып қайтты. 2005-2014 жылдары экономика саласының білгір ғалымы ретінде мемлекеттік бюджеттің ғылыми жобаларын жасасуға атсалысты. Ғылыми жұмыстары республиканың экономика, қаржы, мемлекеттік бюджет, агроөнеркәсіп кешендерінің инновациялық және бәсекелестік даму проблемалары, жергілікті өзін-өзі басқару мен ауылдық аймақтарды дамыту сияқты түрлі мәселелеріне арналған. 5 оқулығы ЖОО және жоғары оқудан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» мамандықтар тобы бойынша, оқулық және оқу құралдары ретінде баспаға ұсынылған. Сондай-ақ ол – қазақ тілінде жарық көрген «Мемлекеттік бюджет» атты алғашқы оқулықтың авторы.

